

АСТАНА ҚАЛАСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ
«КӘРІМ МЫҢБАЕВ АТЫНДАҒЫ
№59 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КОММУНАЛЬНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО
ВЕДЕНИЯ
«ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №59 ИМЕНИ
КӘРІМА МЫҢБАЕВА»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

БҰЙРЫҚ

«26» ақпан 2025 ж
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 39
город Астана

**Білім алушыларға
тамақтануды ұйымдастыру туралы**

«Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2025 жылдың 26 ақпандағы № 107-01-12/354 хаты негізінде ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ақпаратына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Балалардың тыйым салынған өнімдермен улану жағдайларының алдын алу және болдырмау үшін келесі шаралар жүргізілсін.
2. Қосымшада көрсетілген Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың 177-179-тармақтарына сәйкес (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығы) тыйым салынған өнімдер сатылмасын, алып тасталсын.
3. Тамақ өнімдерін автоматты түрде өткізуге арналған аппараттарды орнатуға және жаппай сауықтыру рәсімі ретінде оттегі коктейльдерін мектепке өткізуге рұқсат етілмесін.
4. Санитарлық талаптарды мүлтіксіз сақтауға және қосымшада көрсетілген тамақ өнімдерін пайдалануға және өткізуге тыйым салынсын.
5. Тәрбие жұмысының жоспарларына (Ж.Асипова, З.Кенжеахметова) балалар мен ата-аналар арасында тамақтану мәдениеті, балаларға пайдалы тағам әдеттерін сіңіру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шаралар енгізілсін.
6. Ай сайынғы негізде өткізілген жұмыс туралы есепті тындай отырып, тамақтану сапасын мониторинг комиссиясының (Ж.Өтегенова, С.Досымова) кездесулер өткізілсін.

ТОО "Социум Пит"
Исх. № _____
Вх. № 7 от 27.02.25

7. Ведомствоаралық сараптама топтарымен бірлесіп, тыйым салынған тамақ өнімдерін сату тұрғысынан (Ж.Өтегенова, С.Досымова) мониторинг жүргізісін.
8. Жүргізілген жұмыстың нәтижелерін Білім басқармасына ағымдағы жылдың 3 наурызына дейін ұсыну қажет, кейіннен тоқсан сайын 3 маусым, 3 қыркүйек, 3 желтоқсан.
9. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау өзіме қалдырамын.

Директор



Г.Султанова

Таныстым:

Бейсенкулова М.Ж. *[Signature]*

Ақенова А.С. *[Signature]*

27.02.25.

Отеншова Д.В. *[Signature]*

27.02.25.

Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың 177-179-тармақтарына сәйкес (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығы) Білім беру және тәрбиелеу объектілерінің тамақтану объектілерінде, мектепке дейінгі ұйымдарда, балалар үйлерінде, балалардың сауықтыру және санаторий объектілерінде алып тасталады:

1) **Өндіру және сату:** қатық, сүзбе, айранды; туралған ет қосылған құймақтарды; флотша макаронды; зельцтер, форшмактар, сілікпелер, паштеттерді; кремді бар кондитерлік өнімдерді; тұтыну қаптамасындағы кондитерлік өнімдер мен тәттілерді (шоколад, кэмпит, печенье, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда және балалар үйлерінде қалуа, мармелад, пастила); морстар, квастарды; фритюрде қуырылған өнімдерді; шала пісірілген жұмыртқа, қуырылған жұмыртқаны; күрделі (төрт компоненттен артық) салаттарды, қаймақ пен майонез қосылған салаттарды; окрошканы; саңырауқұлақтарды; өнеркәсіптік емес дайындалған (үйде дайындалған) тамақ өнімдерін; тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар негізіндегі бірінші және екінші тағамдарды; газдалған, емдік және емдік-асханалық минералдық суды, тәтті алкогольсіз сусындарды, алкогольсіз энергетикалық (сергітетін) сусындарды, диффузиялық қойылтылған шырындарды (қаптамаланған минералды және ауыз суды қоспағанда); фаст-фудтар: гамбургерлер, хот-догтар, пиццалар, наггетстер, чипсілер (чипсондар), дәмдік қоспалары бар тұздалған қытырлақ нанды; ащы тұздықтар, кетчуптар, ащы дәмдеуіштерді (бұрыш, ақшелкек, қыша) дайындауға және өткізуге;

2) өндіру: тізбесі тамақ өнімдерінің жекелеген түрлеріне қолданылатын, 021/2011 КО ТР техникалық регламентінің 8-бабында және Одақтың техникалық регламенттерінде айқындалған тамақ өнімін, осы Санитариялық қағидалардың 97-тармағында көрсетілген тамақ өнімін, пастерленбеген сүтті, термиялық өңделмеген сүзбені және қаймақты, йодталмаған тұзды және құрамында темір бар дәрумендермен, минералдармен байытылмаған (фортификацияланбаған) жоғарғы және бірінші сұрыпты бидай ұнын пайдалануға жол берілмейді.

Сондай-ақ білім беру объектілерінде тамақ өнімдерін автоматты түрде өткізуге арналған аппараттарды орнатуға және жаппай сауықтыру рәсімі ретінде оттегі коктейльдерін білім беру объектілерінде, мектепке дейінгі ұйымдарда, балалар үйлерінде өткізуге рұқсат етілмейді.